

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ  
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ  
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



«EDU.E-HISTORY.KZ»

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



№ 2(26) сәуір-маусым 2021  
ISSN 2710-3994



**Бас редактор:**  
Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

**Редакциялық алқа:**

*Абашиң Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Европа университеті (Ресей)*

*Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызығ мемлекеттік университетінің ректоры. (Қырғызстан)*

*Аязан Бүркітбай Ғелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)*

*Әлімбаев Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)*

*Әбусейтова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)*

*Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)*

*Голден Кэтти Стромилл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)*

*Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)*

*Қожамжарова Дария Пернешқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)*

*Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Қазақстан)*

*Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)*

*Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)*

*Көмеков Болат Еімұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)*

*Матыжанов Кенжехан Ісләмжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)*

*Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)*

*Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)*

*Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)*

*Римантас Желвис (Želvyus Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)*

*Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)*

*Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)*

*Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)*

*Сыдықов Ерлан Бәттайұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)*

*Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)*

**Жауапты редактор:**

Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы

**Ғылыми редактор:**

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

**Редактор:**

Кубеев Рустем Жаулыбайұлы

**Жауапты хатшы:**

Қоңқабаева Арайлым

**Техникалық хатшы:**

Хумарзах Алтынбек

**Главный редактор:**  
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

**Редакционная коллегия:**

*Абашиин Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт-Петербурге (Россия)*

*Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)*

*Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)*

*Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)*

*Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)*

*Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)*

*Голден Кэтти Стромилл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)*

*Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)*

*Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*

*Кожамжарова Дария Пернешовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова (Казахстан)*

*Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)*

*Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)*

*Кокебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)*

*Кумеков Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)*

*Матыжанов Кенжехан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)*

*Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания) Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана»*

*Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)*

*Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Гданьска (Польша)*

*Римантас Желвис (Želvyus Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет (Литва)*

*Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)*

*Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*

*Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)*

*Таймагамбетов Жакен Кожжахметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК (Казахстан)*

**Ответственный редактор:**

Каипбаева Айнагуль Толганбаевна

**Научный редактор:**

Козыбаева Махаббат Маликовна

**Редактор:**

Кубеев Рустем Джаулыбайулы

**Ответственный секретарь:**

Конкабаева Арайлым Нурболатовна

**Технический секретарь:**

Хумарзах Алтынбек



**Editor-In-Chief:**

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

**Members of editorial board:**

*Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)*  
*Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arabaev Kyrgyz State*

*University (Kyrgyzstan)*

*Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)*

*Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)*

*Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)*

*Ayagan Burkitbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)*

*Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)*

*Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)*

*Karibayev Bereket Bakhytzhonovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)*

*Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)*

*Kozhirova Svetlana Bassieva – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)*

*Kozodoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)*

*Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)*

*Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)*

*Matyzhanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)*

*Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)*

*Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)*

*Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)*

*Rimantas Želvys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)*

*Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)*

*Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)*

*Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)*

*Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)*

**Executive Editor:**

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna

**Scientific Editor:**

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

**Editor:**

Kubeyev Rustem Dzhaulybayevich

**Executive Secretary**

Konkabayeva Arailym Nurbolatovna

**Technical secretary:**

Khumarzakh Altynbek

## XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ МҰСЫЛМАНДЫҚ ЛИБЕРАЛИЗМ ЖӘНЕ АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ

Рүстемов С.К.<sup>1</sup>, Оразов Р.Е.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Т.ғ.к., доцент, Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ. Қазақстан, Алматы қ.

<sup>2</sup>Гуманитарлық ғылымдар магистрі. Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ. Қазақстан, Алматы қ.

**Аңдатпа.** XX ғасыр басындағы Ресейдегі мұсылман жұртшылығының өміріндегі жаңа өзгерістер буржуазиялық қатынастардың дамуымен байланысты екені белгілі, бұл жөнінде отандық және шетелдік әдебиеттерде айтылған. Жәдидтік қозғалыста халықтық сипат белең алғанымен XX ғасыр басында онда екі идеялық-саяси ағым бой көрсетті. Алғашқы ағым консерваторлық (дәстүршілдер), екінші ағым либерал-реформаторлар болды. Аталмыш мақалада ғылыми объективтілік принципі негізінде мұсылмандық либерализм қарастырылып, саяси тарихтың құрамдас бөліктерімен (үкіметтің діни және ұлттық саясаты, қоғамдық-саяси қозғалыс, партиялар, «Алаш» қозғалысы өкілдерінің либеральды бағыттағы мұсылмандық ұйымдардың қызметіне атсалысуы) өзара байланыста сараланады. Объективтілік ұстаным ресейлік мұсылмандардың қоғамдық-саяси қозғалысын XX ғасыр басындағы әлемдік діндер арасындағы текетірес, ұлы империялардың өзара келісе алмаушылығы секілді мәселелермен бірге қарастыруды қажет етеді. Мұндай жағдай әркелкі халықтардың әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуы деңгейіне, тұрмыс-тіршіліктерінің ерекшелігіне назар аудартады. Мәселеге осы қырынан қарау ресейлік мұсылмандарды жалпыресейлік әлеуметтің құрамдас бөлігі ғана емес, әлемдік исламдық қауымдастықтың толық қанды мүшесі екенін аңартуға өз септігін тигізеді. Зерттеуде алға қойылған мәселелер хронологиялық негізде баяндауды ғана емес, оның негізгі проблемаларын айшықтап көрсетуді де талап етеді. Соның негізінде зерттеуде мына мәселелерге ерекше назар аударылды: – мұсылмандық либерализмнің идеялық бастау көздері, қалыптасуының негізгі кезеңдері және мұсылмандық либерализмнің әлеуметтік базасы; –ұлттық негіздегі мұсылмандық қозғалыстың саяси ұйымдарының формасы; –ұлттық доктрина және мұсылмандық либерализмнің саяси платформасы; – XX ғасыр басындағы мұсылмандық либерализмге «Алаш» қозғалысы қайраткерлерінің ұстанымы.

**Түйін сөздер:** «Алаш» қозғалысы, мұсылмандық, либерализм, жәдидшілдік, «Ресей мұсылмандар одағы», мұсылман фракциясы

## МУСУЛЬМАНСКИЙ ЛИБЕРАЛИЗМ НАЧАЛА XX ВЕКА И ДВИЖЕНИЕ «АЛАШ»

Рүстемов С.К.<sup>1</sup>, Оразов Р.Е.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Кандидат исторических наук, доцент. Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. Казахстан, г. Алматы.

<sup>2</sup>Магистр гуманитарных наук. Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. Казахстан, г. Алматы.

**Аннотация.** Новые веяния в мусульманском мире России к началу XX в. были связаны с развитием буржуазных отношений, о чем в отечественной и зарубежной литературе написано немало.

В джадидском – народническом – движении в начале XX века обнаружилась заметная идейнополитическая дифференциация. Наблюдалось два отчетливо сформировавшихся направления: консерваторы (традиционалисты) и либералы-реформаторы.

Опираясь на принципы научной объективности, в данной статье рассматривается мусульманский либерализм начала XX века не только в контексте политической истории и ее отдельных составляющих (религиозная и национальная политика правительства, общественнополитические движения и партии, а также участие представителей движения «Алаш» в деятельности либеральных мусульманских организаций). Объективным подходом к проблеме продиктована необходимость освещения общественно-политического движения российских мусульман на фоне таких глобальных противоречий человеческого общества начала XX века, как противостояние мировых религий, великих империй, в основе которых лежали фундаментальные различия в уровне социально-экономического и политического развития различных народов, в их образе жизни и отношении к основным проблемам бытия. Этот «ракурс» обуславливает, в частности, рассмотрение российского мусульманства не только как составной части общероссийского социума, но и полноправного члена исламского сообщества. Такой подход выявляет противоречие, заложенное в самом понятии «мусульманский либерализм», который пытался объединить ценности мусульманского мира.

Проблематика исследования потребовала оптимального варианта его композиции, ориентированного не столько на хронологический принцип изложения, сколько на вычленение проблемных блоков. В результате предметами исследования стали:

- идейные истоки, этапы формирования и социальная база мусульманского либерализма;
- формы политической организации мусульманского национального движения;
- национальная доктрина и политическая платформа мусульманского либерализма;
- отношения представителей движения «Алаш» к мусульманскому либерализму начала XX века.

**Ключевые слова:** движение «Алаш», мусульманский либерализм, джадидизм, «Союз российских мусульман», мусульманская фракция.

## MUSLIM LIBERALISM OF THE EARLY TWENTIETH CENTURY AND THE ALASH MOVEMENT

**Rustemov S.K.<sup>1</sup>, Orazov R.E.<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Candidate of Historical Sciences, Associate Professor.Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. Kazakhstan, Almaty.

<sup>2</sup>Master's in Humanities. Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. Kazakhstan, Almaty.

**Abstract.** By the beginning of the twentieth century, new trends in the Muslim world of Russia were associated with the development of bourgeois relations, about which a lot has been written in domestic and foreign literature.

In the Jadid – narodnik – movement at the beginning of the twentieth century, there was a noticeable ideological and political differentiation. There were two clearly formed trends: conservatives (traditionalists) and liberal reformers.

Based on the principles of scientific objectivity, this article examines Muslim liberalism at the beginning of the century not only in the context of political history and its individual components (religious and national policies of the government, socio-political movements and parties, as well as the participation of representatives of the Alash movement in the activities of liberal Muslim

organizations). An objective approach to the problems dictates the need to highlight the socio-political movement of Russian Muslims against the background of such global contradictions of human society at the beginning of the twentieth century as the confrontation of world religions, great empires, which were based on fundamental differences in the level of socio-economic and political development of various peoples, in their way of life and attitude to the main problems of being. This «perspective» determines, in particular, the consideration of Russian Islam not only as an integral part of the all-Russian society, but also as a full member of the Islamic community. Such an outcome reveals the contradiction inherent in the very concept of «Muslim liberalism», which tried to unite the values of the Muslim world.

The problems of the study required an optimal version of its composition, focused not so much on the chronological principle of presentation, as on the isolation of problem blocks. As a result, the subjects of the study were:

- ideological origins, stages of formation and social base of Muslim liberalism;
- forms of political organization of the Muslim national movement;
- national doctrine and political platform of Muslim liberalism;
- the relations of the representatives of the «Alash» movement to Muslim liberalism of the early twentieth century.

**Keywords:** «Alash» movement, Muslim liberalism, Jadidism. «Union of Russian Muslims», Muslim faction.

### **Кіріспе**

XX ғасыр басында Ресей империясында мұсылмандық либерализм ерекше қоғамдық құбылыс ретінде танылды. Бұл құбылысқа негізінен Ресей империясындағы түркі тілдес мұсылман халықтарының өкілдері атсалысып, қоғамның демократиялық даму жолына түсуіне тер төкті. Олардың қатарында «Алаш» қозғалысының қайраткерлері де болды.

Мұсылмандық либерализм қоғамдық-саяси қозғалыс ретінде XX ғасыр басында бой көрсетті және оның қарқын алуы барысында «Ресей мұсылмандары одағы», Мұсылман фракциясы секілді ұйымдар пайда болып, мұсылман халықтарының құқықтарын қорғауға белсене атсалысты.

XX ғасыр басындағы мұсылмандық либерализм тарих сахнасына Абдурашид Ибрагимов, Құтлықмұхаммед Тевкелев, Әлимарданбек Топчибашев, Сәлімгерей Жантөрин секілді т.б. саяси қайраткерлерді шығарды. Осы қайраткерлердің күрес жолына түсуін тереңірек білу үшін мұсылмандық либерализм мәселелерін тереңірек зерттей түсу қажет.

«Алаш» қозғалысы қайраткерлері мұсылмандық либерализмге ниеттестік танытып, оның ұйымдастырған іс-шараларына тартылды. Осылайша олар саяси шындалу мектебінен өтті. Соған орай «Алаш» қозғалысы қайраткерлері өз еңбектерінде мұсылмандық либерализмге орай шынайы баға берді және мұсылмандық либерализм өкілдерімен саяси күрес барысында байланыстарын жандандыра түсуге тұрысты.

Мұсылмандық либерализмнің идеялық бастау көздерін, әлеуметтік негізін және дамуының негізгі кезеңдерін және оған қатысты «Алаш» қозғалысы қайраткерлерінің ұстанымын саралау арқылы тарихтың «ақтандақ» беттерін аша түсуге мүмкіндік артып, тарихи сананың серпілуіне жағдай жасаймыз.

### **Материалдар мен әдістер**

Зерттеу жұмысында архив құжаттары, атап айтқанда Ресей Федерациясының Мемлекеттік архивіндегі 102-қордың (Полиция департаменті) және Өзбекстан Республикасының Орталық

мемлекеттік архивіндегі И-461-қордың (Түркістан аудандық күзет бөлімі) материалдары дерек көзі ретінде кеңінен пайдаланылды. Архив құжаттары деректанулық талаптарға сай талдаудан өткізіліп барып қолданыс тапты.

Мақаланы жазуда тарихилық принцип пен өркениеттілік ұстаным басшылыққа алынды. Тарихилық принцип негізінде ХХ ғасыр басындағы мұсылмандық либерализмді сол дәуірдегі басқа оқиғалар мен құбылыстармен тығыз байланыста қарастырудың мүмкіндігі артса, өркениеттілік ұстаным аясында мұсылмандық либерализм өз дәуірінің демократиялық талаптарына сай құбылыс ретінде бағаланды.

### **Талдау**

ХХ ғасыр басындағы мұсылмандық либерализм және оған «Алаш» қозғалысы қайраткерлерінің атсалысу мәселелеріне қатысты алғаш баға берушілер қатарына К.Залевскийді жатқызуға болады. Оның 1911 жылы жарық көрген еңбегінде (Залевский: 1911, 265) мұсылмандық либерализм патшалық Ресейдің отаршылдық саясатына мұсылман халықтарының жауабы ретінде қалыптасты деген шынайы баға берілген. Оның мұндай пікірі ХХ ғасыр басында жарық көрген М. Бигиев (Бигиев, 1915: 286), Ф.Туктаров (Туктаров, 1912: 240) және Қ.Кемеңгерұлы (Кемеңгерұлы, 1924: 72) секілді авторлардың еңбектерінде қолдау тапқан. «Алаш» қозғалысы қайраткерлерінің мұсылмандық қозғалысқа қатысты ұстанымы жайлы шынайы пікірлер ХХ ғасырдың соңына қарай Д.А. Аманжолованың (Аманжолова, 2013: 382), К. Нұрпейісовтің (Нұрпейісов, 1995: 162) және М.Қойгелдиевтің (Қойгелдиев, 1995: 63) еңбектерінде білдірілді.

### **Зерттеу нәтижелері**

1905-1907 жылдары орын алған бірінші орыс революциясы кезінде патшалық Ресейде өрбіген азаттық қозғалыс барысында отарлық езгінің тауқыметін тартқан түркі-мұсылман халықтары өз мүдделерін бірлесе қорғау бағытындағы іс-шараларды жүзеге асырды. Түркі бірлігі идеясы негізінде қарқын алған осы үдерістен қазақ зиялылары да шет қалмай, оның иріміне тартылды. Мұны Алаш қозғалысының көшбасшысы Ә.Бөкейханның 1910 жылы жарық көрген «Қазақтар» атты еңбегінде қазақ даласындағы ұлттық қозғалыста екі саяси бағыт қалыптасып келе жатқанын, оның бірі – батысшылдар, яғни қоғам дамуында батыстық дәстүрді үлгі тұтушылар, ал екіншісі, белсенді топтың көпшілігін құрайтын түрікшілдер екенін атап көрсетуінен де аңғаруға болады (Бөкейхан, 1995: 76).

Ресей империясындағы түркі-мұсылман халықтарының бірінші орыс революциясы кезінде отарлық саясатқа қарсылық таныту бағытында ұйымдастырылған іс-шаралары кеңестік тарих ғылымында «пантүркизм» мен «панисламизмнің» көрінісі, үстем тап өкілдері мен діндарлардың реакциялық сипаттағы іс-әрекеті ретінде түсіндірілді. Осылайша, маркстік-лениндік ұстаным басшылыққа алынған зерттеулерде түркі-мұсылман халықтарының азаттық қозғалыстағы өзара ынтымақтастығының алғышарттарына және оның даму ерекшелігіне шынайы ғылыми баға берілмеді. Сонымен қатар кеңестік идеология талаптарына сай жазылған еңбектерде түркі бірлігі идеясы арнасында өрбіген оқиғалар мен құбылыстардың бел ортасында болған қайраткерлердің мұраларындағы мәліметтер және бұл үдеріске қатысты Алаш қозғалысы өкілдері тарапынан білдірілген пікірлер ескерілмеді. Мұның астарында М.Шоқай 1931 жылы «Яш Түркістан» журналында жарияланған «Большевизм – түрікшілдіктің жауы» атты мақаласында айтқандай, «біздің өзімізге түрікшілдік және кемалшылдықты ең жексұрын, ең залалды нәрсе етіп көрсетуге тырысу» (Шоқай: 1998, 512) жатқанды. Бірінші орыс революциясы тұсындағы азаттық қозғалыста түркі-мұсылман халықтарының саяси күштерінің бірлесе, тізе қоса әрекет етуі ХХ ғасыр басында жарық көрген бірқатар еңбектерде әлеуметтік-саяси және



мәдени талаптарды көтерген демократиялық сипаттағы күрес ретінде түсіндірілген еді. 1905 жылы 19 қарашада М. Тынышбаев автономияшылдар съезінде отарлық биліктің қазақтарды біріншіден, тіл мен дәстүрді және дінді қысымға алу арқылы орыстандырып, ұлт ретінде жою; екіншіден, түрлі әкімшілік шаралар мен ережелер арқылы құқықсыз, заңнан тыс тобырға айналдыру; үшіншіден, ата-баба қаны сіңген жерден айырып, құнарсыз, шөлейтті жерлерге ығыстыру бағытын қолға алғанын мәлімдеген болатын (Тынышпаев, 2009: 30).

Патша өкіметінің озбыр отаршылдық саясаты нәтижесінде тоқырауға ұрынған түркі-мұсылман халықтарының саяси оянуына, азаттық қозғалыста ынтымақтастығының қалыптасып, дамуына жәдидшілдік серпін берген еді. Жәдидшілдіктің бастау кезінде тұрған қырымдық татарлардың көрнекті өкілі И.Гаспыралыны (И. Гаспринский) Ә.Бөкейхан «тарихи мұсылман басшысы», М.Дулатұлы «түркі ұлтының зор тәрбиешісі, ұлығ ұстазы, ардақты атасы» (Дулатұлы:2013,212) деп бағалағанды.

Мұсылмандық оқу орындарында діни сабақтармен қатар математика, география, тарих, жаратылыстану секілді т.б. дүниауи (зайырлы) пәндерді оқытуды насихаттап, араб әліпбиін түркі халықтарының тіліне икемдеуді, яғни «қадымшылықтан» «усул-жәдидке» көшуді ұсынған, сонымен бірге 1883 жылдан бастап «Тілде, пікірде және істе бірлік» деген ұранмен «Тарджиман» (Аудармашы) газетін шығаруды қолға алған И.Гаспыралының қазақ зиялылары арасында зор құрметке ие болғанын ол жөнінде М.Сералиннің былай жазуы да байқатады: «Русие мұсылмандары бірін-бірі танымай өздерінің кім екенін түсіне алмай абдырап жатқан, не дүниядан, не ғылымнан, не хабардан құралақан бір құлақ еді. Бұлардың ел екендігін, жұрт екендігін есіне салған біздің мұсылман дүниасынан басқа дүниа барлығын көрсеткен Гаспринский еді. ... Біздер Исмаил бек арқасында өзімізді тани бастадық. Жеңіл тәртіппен оқытудың пайдалы екендігіне, өзіміздің ана тіліміз сүйкімсіз тіл емес, ең қадірлі тіл екендігін білдік. Тілсіз жұрт жансыз жұрт секілді екендігін аңғардық, біз бұрын жансыз өлі кеуде едік, Гаспринский бізге жан бітірді, өлі денеге рух бітірді» (Сералин, 2002: 74).

Алаш қайраткері Қ.Кемеңгерұлы «Бұрынғы езілген ұлттар» атты еңбегінде атап көрсеткендей, сол тұста И. Гаспыралының «Тарджиман» газеті Түркістан өлкесіне де жетіп, ондағы жастарды оятып, жәдидтер тобын тәрбиелей бастады (Кемеңгерұлы,1924: 72). Жәдидтердің ағартушылық қызметі реформаторлық сипатта болып, ол негізінен қоғамдық өмірде орын алған феодалдық тәртіпке және патша өкіметінің отарлық саясатына қарсы бағытталды. Жәдидтер түркі-мұсылман халықтарының ерікті, әрі өркениетті болуын, алдыңғы қатарлы халықтармен тең тұруын қалады. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін түркі-мұсылман халықтарының саяси элитасы өкілдерінің өзара ынтымақтаса әрекет ету қажеттігін жақтады.

Түркі-мұсылман халықтарының күштерін топтастырып, ұлттық мүддені бірлесе қорғауды ұйымдастырушылар қатарында И.Гаспыралымен бірге Ә.Ибрагимов, Ю.Ақчура және Ә.Топчибашы секілді түрікшіл қайраткерлер тұрды. М. Шоқай олар бірінші орыс революциясы басталған сәтте-ақ түрік ұлттық күштерін ұйымдастыру ісіне кірісіп, Ресейге қараған түрік тектестерге орыстармен тең құқық әперуді көздеген референдумға материалдар дайындағанын атап көрсетеді (Шоқай,1998: 451).

Бірінші орыс революциясы кезінде түркі-мұсылман халықтарының құқығын қорғау жолында аса белсенділігімен көзге түскен татар халқының көрнекті өкілі Әбдірашид Ибрагимов 1893 Орынбор мүфтилігіндегі қазылық қызметін тастап, Түркияға барып, шетелдік басылымдар арқылы патша өкіметінің отаршылдық саясатын сынға алып, әлем жұртшылығының назарын Ресейдегі «бұратаналар» мәселесіне бұруда елеулі еңбек сіңірген-ді. Ол 1895 жылы Түркияда «Шолпан жұлдызы» атты кітабын жариялады. Оның бұл кітабы Ресейдегі түркі-мұсылман халықтарының ұлттық-саяси мәселелерін көтерген тұңғыш эмигранттық шығарма болды (Валидов:1923,215).

Ә.Ибрагимов 1904 жылы Ыстамбұл қаласында орыс үкіметінің ұйғарымы бойынша тұтқындалып, абақтыға жабылған кезде, бұл хабар бүкіл Ресейге тарап, халықтың талап етуімен көп ұзамай босатылған еді. Ол 1904 жылдың қыркүйек айынан 1905 жылға дейінгі мерзімде Қазан, Пермь, Уфа, Троицк, Қызылжар қалаларында болып, ондағы мұсылмандардың жағдайымен танысып, үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді және халықтың талап-тілектерін тұжырымдалған өтініш хаттарды Министрлер комитеті төрағасы атына жіберуді ұйымдастырды.

1905 жылы Ә.Ибрагимов Ресейдегі саяси партиялардың ұстанымдарындағы ерекшеліктерді талдай отырып, «Автономия» атты кітабын шығарды. Ол бұл кітабында түркі-мұсылман халықтарының азаттық қозғалысындағы басты міндет автономия алу мәселесі екенін негіздеді. Зәки Уәлиди Тоғанның естелігіндегі мәліметке қарағанда, Ә.Ибрагимовтың аталмыш кітабын шығаруға А.Сыртланов пен С.Жантөрин қолғабыс танытқан (Валиди:1994,410).

Ә.Ибрагимов 1905 жылдың желтоқсан айынан бастап «Үлфәт» (Достық) газетін шығаруды қолға алды. Ол бұл басылым беттерінде түркі-мұсылман халықтарының әлеуметтік-саяси және рухани ахуалынан сыр шертетін материалдар жариялауды жүзеге асырды. Алаш қайраткері М.Тынышбаевтың алғашқы жарияланымдары, дәлірек айтқанда, 1905 жылы автономияшылар съезінде сөйлеген сөзі және «Тар заман» атты мақаласы осы «Үлфәт» газетінде жарық көрді.

«Үлфәт» газетінде М.Тынышбаевтың ғана емес, өзге де қазақ зиялыларының мақалалары жарияланды. Мәселен, Ж.Сейдалиннің қазақтардың бас көтерер азаматтарын ұлттық мүддені қорғаудың жолдарын кеңесіп алу үшін бір жиын өткізуге үндеген «Бір қазақтың пікірі» (Сейдалин, 1906: 3) деген мақаласы «Үлфәтта» жарық көрген болатын. Сондай-ақ Ә.Ибрагимов көп ұзамай «Үлфәттің» қазақ тіліндегі қосымшасы ретінде «Серке» газетін шығаруды қолға алған еді (РФМА: 102-қ., 240-т., 52-п.). Бұл басылымның ғұмыры патша өкіметінің қуғын-сүргініне байланысты қысқа болғанына қарамастан, оның алғашқы санында Алаш қайраткері М.Дулатұлының отарлық саясатты сынға алып, қазақтардың құқықтарының жоқтығы ыза мен кек тудыратынын мәлімдеген «Біздің мақсатымыз» (Дулатұлы, 2013: 29) атты мақаласы жарық көрген-ді. Міне, осы мәліметтердің өзі Ә.Ибрагимовтің бірінші орыс революциясы тұсында қазақ зиялыларын өзге түркі-мұсылман халықтарының саяси элитасы өкілдерімен бірлікте, ынтымақтаса әрекет етуге күш салғанын байқатса керек.

Бірінші орыс революциясы жағдайында өрлеу алған азаттық қозғалыста Ә.Ибрагимов түркі-мұсылман халықтарының саяси күштерінің бірлесуімен қатар, патша өкіметіне оппозицияда тұрған орыс партияларымен және басқа да ұйымдармен тығыз байланыс орнатуды алға қойған мақсатқа жетуде, яғни автономия алуда тиімді болып табылатындығына да ерекше мән берді. Осыған орай сол тұстағы орыс қоғамы ішінде ірі саяси ұйым ретінде танылған кадеттер партиясының П.П.Миллюков, П.Б.Струве секілді жетекшілерімен және «Автономияшылар одағы» ұйымының жетекшісі, белгілі поляк лингвист-ғалымы И.А.Бодуэн-де-Куртэнемен жақын қарым-қатынаста болып, олардың өткізген іс-шараларына атсалысып, онда түркі-мұсылман халықтарының мүдделерін білдіру жолында әрекеттенді. Сонымен қатар мұндай шараларға Санкт-Петербургте оқып жатқан М. Тынышбаев секілді студент жастарды тартты.

Түркі-мұсылман халықтарының 1905-1907 жылдардағы жағдайда бірлігін нығайтуды жақтаған және осы жолда аса белсенділігімен танылған түрікшіл тұлғаның қатарына М.Шоқай Юсуф Акчураны жатқызады. Ол Ю.Акчураның тұлғалық келбетіне және сол тарихи кезеңдегі ұстанымына орай өзінің пікірін былайша білдіреді: «Түркияның ең белсенді азаматы, ең білгір саяси газетшісі бола жүріп, Юсуб бек саяси күрес қажет ете қалған жағдайда өзінің байырғы атамекені Еділ бойына келіп саяси күрес иіріміне сүңгіп кетуші еді. ... Ол кезде біздер бала болатынбыз. Ол кезде біздердің құлағымызға Ресей төңкерісінің күркіреген үні, сарыны ғана

естілетін. Есейе келе алдыңғы буынның басып өткен жолдарымен таныс бола бастадық. Солардың арасында Юсуб бектің тұлғасы бізді айрықша қызықтыратын. Бұл күнде романтикалы болып көрінетін түріктік ұғымын ол кездегі біз сияқты жастардың көз алдында Юсуб бектің тұлғасы жандандырып тұрар еді. Арғы тегі Еділ бойынан шыққан бұл адам Түркиядағы ұлы тұлғалардың бірі, Ресейге қараған түріктердің жол бастаушы көсемі болып қалыптасты, танылды. Көне еуропалықтарда «әр адамның екі отаны болады. Оның бірі – туылған жері, екіншісі – Франция» деген тәмсіл сөз бар. Сол тәрізді «әрбір түрік адамының да екі атамекені бар. Біріншісі – өзінің туылған жері, екіншісі – Түркия» дейді тағы бір аталы сөз. Юсуб бек ол кезде біз жас буындарға армандай болған осы ұғымды өз өмірімен дәлелдеп кеткен абзал жан» (Шоқай:1998,450).

Алаш қайраткерлері мұраларында түркі-мұсылман халықтарының азаттық қозғалыстағы өзара ынтымақтастығының ерекше көрінісі студент жастар арасында да орын алған болатын. Түркі халықтарының тарихындағы осы бір үдерістің астарын терең аңғарып, дұрыс бағамдауға М.Шоқай мұраларының өзіндік елеулі ықпалын тигізері сөзсіз. Өйткені, М.Шоқай осы тарихи кезеңде өзі де Санкт-Петербург университетінің студенті ретінде түркі-мұсылмандық студент жастар қозғалысының бел ортасында болып, ол жөнінде «Яш Түркістан» журналында 1933 жылы «Есімдегілерден (Ресейдегі түрік студенттер өмірінен)» атты естелік жазып қалдырғанды.

Ресей империясындағы түркі-мұсылмандық студент жастардың саяси өмірге белсене араласуына азаттық қозғалыс қайраткерлері өзіндік ықпалын тигізді. Бұл ретте М. Шоқай кезінде «Ресейдің қол астында қалған түріктерге жан аямай қызмет етіп келе жатқан қайраткер» деп бағалаған әзірбайжан халқының мәшһүр ұлы Ә. Топчибашев (Ә. Топчибашы) есімін ерекше атауға болады. Оның тікелей атсалысуымен 1898 жылы Санкт-Петербургта түркі-мұсылман халықтарының студент жастарына материалдық көмек көрсетуді және олардың саяси белсенділігін арттыруды көздеген «Мұсылман қайырымдылық қоғамы» құрылған болатын. Осы ұйымның негізінде бірінші орыс революциясы жылдары өзіндік бағдарламасы бар «Мұсылман студенттердің орталық комитеті» бой көтерді. Бағдарламаға сәйкес ұйымның алдына мынандай міндеттер қойылды:

- «1. Ресей мұсылмандары арасында ағартушылық жұмыстарын жүргізу;
2. Империядағы мұсылман халықтарына тән ортақ мәселелерді шешуде мұсылман студенттердің бірлесе әрекет етуіне негіз қалау;
3. Үкіметтік бастауыш және орта білім беретін орындардың негізінде мұсылмандық мектептер ашуға негіз қалау;
4. Мұсылмандық жоғары оқу орындарының ашылуына қолдау көрсету;
5. Мұсылман халықтары арасында кітапханалар ашуға қолғабыс жасау;
6. Кедей, тұрмысы нашар мұсылман студенттерге моральдық және материалдық көмек көрсетуді ұйымдастыру» (РФМА:102-қ., 245-т., 174-іс, 19-п.).

XX ғасыр басында түркі-мұсылмандық студент жастардың ұйымдарға бірігіп, азаттық қозғалысқа дем беруге талпынуы тек Ресей көлемінде ғана емес, сонымен қатар шет елдерге білім алуға барған жастар арасында да көрініс берді. Бұған Түркияға білім алуға барған түркі-мұсылмандық студент жастардың әрекетін мысал ретінде келтіруге болады.

Түркістаннан, Бұқар әмірлігінен, Хиуа хандығынан және Ресейдің түрлі өңірлерінен Түркияға білім алуға барған жастар сонда эмиграцияда жүрген түркі-мұсылмандық қозғалыс қайраткерлерімен тығыз қарым-қатынаста болды. Оларға бірінші орыс революциясынан кейін Түркияға кеткен Ю.Акчура мен Ә.Ибрагимов елеулі ықпал жасады. Олардың араласуымен 1909 жылы Түркияда «Білім таратушы Бұқара қайырымдылық қоғамы» құрылған еді. Бұл қоғам мүшелерінің басым көпшілігін, яғни 250-ден астамы Ресей империясынан Түркияға білім алуға келген жастар құрады.

М.Шоқай «өмірінің соңғы ақтық сәтіне дейін жалпы түрікшілдік идеясына шын берілген» тұлға деп таныған Ю. Акчураның ықпалымен құрылған «Білім таратушы Бұқара қайырымдылық қоғамы» Ресей империясынан келген оқушы жастарға қамқорлық көрсетуді өз мойнына алды. Сондай-ақ оларды осы қоғамның төңірегіне топтасуына жіті көңіл бөлді. Аталмыш қоғамға мүше болған жастар Түркияда жарық көрген саяси мазмұндағы әдебиеттер мен түрлі мерзімді басылымдарды. Түркістан өлкесіне және Ресей империясының басқа да аймақтарына тарату арқылы түркімұсылман халықтарының саяси оянуына ықпал студі мақсат тұтты. Олар мұндай бағыттағы әрекеттерін Балқан соғысы кезінде өрістетті (Бигиев:1915,191).

Балқан соғысы жүріп жатқан шақта Ресей жоғары оқу орындарындағы түркі-мұсылмандық студент жастар арасында да саяси белсенділік айқын көрінген-ді. Мұны М. Шоқайдың естелігіндегі мына жолдардан да аңғаруға болады: «1910-1914 жылдары Петербург университетінде оқып жүрген болатынмын. Біз, студенттер, саяси бой көрсетуге шығатынбыз. Үкіметке қарсы шешімдер қабылдап, көшелерде демонстрациялар жасайтынбыз. Балқан соғысы Петербургте студенттер қозғалысын қыздыра түсті. Ол кезде Ресей бейтарап болатын. Алайда ол бейтараптылығына қарамастан Түркияға қарсы тұрып, Балқан славяндарына ашықтан-ашық жәрдем беретін. Петербург көшелерінде «Аясофия үстіне крест» қоюды талап еткен ереуілдер өтіп жатқан. Міне, осылардың бәрі бізді, студенттерді қатты толқытты. Орыс курстастарымыздың төңкерісшілдіктеріне қарамастан, біз олармен ылғи да бірге шыға алмайтынбыз. Дегенмен, біз – орыс және орыс емес студенттер – бірлікте университетте Балқан славяндарына жәрдем жинаушыларға кедергі жасайтынбыз. ... Сонда да бізге, түрік студенттеріне бұлар аз көрінеді. Бұларға қосымша тағы бірдеңелер істеуді ойластырдық. Ол үшін біз – әзірбайжан, татар және түркістандық студенттер, орыстардан бөлініп, өзімізше әрекет жасамақ болдық. Ол кезде қызмет бабында Петербургта тұрып жатқан түркістандық адвокат Серәлі Лапиннің келісімін алып, сол кісінің үйінде бас қосып тұратын болдық. Осы бір ұмтылыс бас қосуларға қатысқан адамдардың есімдері әлі күнге жадымда сақталып келеді. Татарлардан бұл күнде марқұм болған Нәжіп Құрбанғали мен Сұлтанбек Мамали және қазір көзі тірі Ильяс Алкин, әзірбайжандардан Мирякуб бек, Шейх-Сылам Зада, Әкпар аға және басқалар бар еді. Ал түркістандықтардан Бердіғұлы Қақажан екеуіміз бар едік. Бас қосуымыздың күн тәртібі бір ғана тармақтан тұратын. Егер Балқан соғысына Ресей араласатын болса, онда біздің позициямыз қандай болуы тиіс деген мәселе төңірегінде пікір алысатынбыз» (Шоқай:1998, 368).

М. Шоқай айтып отырған түркі-мұсылмандық студент жастар арасында Балқан соғысына байланысты туындаған толқуға 1912 жылы Петербургтегі Әскери-медициналық академияның соңғы курсына оқып жатқан С.Асфендияров та қатысқан болатын. Ол бұл жөнінде Марксизм-ленинизм институтының қазақ филиалында 1933 жылы болған конференцияда сөйлеген сөзінде мынандай мәлімет келтіреді: «Менің есімде 1912 жылдың күзінде, бірінші Балқан соғысы тұсында Петербургте қазақ, татар, өзбек студенттері арасында Түркияны қолдаған үлкен қозғалыс болды. Болгар студенттері бізбен жұдырықтасу алдында тұрды. Сол кездері болып тұрған мәжілістердің бірінде Бөкейхановқа «біз Түркияға барамыз, нағыз ұлтжандылықтың дәлелі осы болмақ дедік». Бөкейханов сонда біздің түрікшілдігімізге үзілді-кесілді қарсы шығып, «өздерінді ешқандай да сағыммен алдамандар, ескі Түркия ыдырау үстінде» деген сияқты ойларды айтып, біздің назарымызды батыстық өркениетке бұрды» (Қойгелдиев,1995: 91).

М.Шоқай өз естелігінде Балқан соғысы тұсында түркі-мұсылмандық студент жастар арасында еріктілер ретінде Түркия армиясы қатарына баруға ниет танытушылар болғанын да атап көрсетеді. Сол тұста Түркияда білім алып жатқан ресейлік түркі-мұсылман халықтарының өкілдері, соның ішінде қазақ студенттері де түрік армиясының госпитальдарында жаралыларға көмек көрсету шараларын қолға алған еді. Бұған Орынборда шығып тұрған татар тіліндегі



«Вақыт» (Уақыт) газетінің редакторы Ф.Каримовтың (Ф.Карими) Ыстамбұлға тілші ретінде барған кезінде түрік армиясының госпитальдарының бірінде ерікті түрде жұмыс істеп жүрген екі қазақ студентімен жолығып, олармен бірге суретке түскенін дәлел ретінде келтіруге болады. Бұл сурет Ф.Каримовтың 1913 жылы «Истамбул мактублари» (Ыстамбул хаттары) деген атпен жарық көрген кітабына енгізілген (Карими:1913, 149).

Балқан соғысы тұсында түркі-мұсылмандық студент жастар арасында Түркияға қолдау танытып, майданда жараланған түрік әскерлеріне көмек ретінде қаржы жинау қолға алынған еді. Мұны М. Шоқайдың естелігінің мазмұнынан да аңғаруға болады. Сонымен қатар оның естелігінен елдің түпкір-түпкірінен жиналған осындай қаржыны Ресейдегі Түркия елшісі Тұрхан пашаға тапсыруда да түркі-мұсылмандық студент жастар дәнекерлік қызмет көрсеткенін байқауға болады. Бұл жөнінде М.Шоқай былай деп жазады: «Түркістандық Өтеген Садықұлы деген досымның өзінің Петербургке келмек екенін айтып жолдаған бір телеграммасын алдым. Келетін күні мен оны вокзалға барып қарсы алдым. Екеуіміз мен тұрған жерге келдік. «Аздаған алтын ақша әкелдім. Түрік елшісіне өз қолыммен табыс етуім керек еді» деді ол маған енгігін басып үлгермей жатып. ... Арада екі күн өткен соң, кешке таман көшеде адам аяғы саябырлаған кезде, Садық екеуіміз Түркия елшілігіне келіп Тұрхан пашаның қабылдауында болдық. Түрік елшісі кең қабылдау бөлмесінің ішінде оңаша отырып, бізді мұқият тыңдады. Садық оған түрік жаралыларын емдеу үшін шалғайдағы Түркістанда тұратын түрік қандастары жинаған азын-аулақ ақша әкелгенін айтқанда, елшінің көңілі босап, көздерінен жас парлады. Оған қосылып Садық екеуіміз де жылап алдық» (Шоқай,1998: 370).

М. Шоқай естелігіндегі жоғарыдағы мәліметтің өзі Балқан соғысы тұсында Түркияға жәрдем ретінде Ресейдегі түркі-мұсылман халықтары арасында қаржы жинаудың қалай жүзеге асырылғанын зерттей түсу қажеттігін аңғартады. Қазір қолдағы бар мәліметтерге қарағанда, 1912-1913 жылдары Түркияға көмек ретінде Орынбор өңірінің мұсылмандары 50 мың сом, Ялта мұсылмандары 20 мың сом, Кавказ мұсылмандары 150 мың сом, Қоқан қаласының тұрғындары 23 мың сом, Мәскеуде тұратын мұсылмандар 400 мың сом, Сырдария облысына қарасты Созақтағы қазақтар 40 мың сом, Верный уезінің тұрғындары 10 мың сом жинаған (Абдуллаев:1999, 191). Осындай жиналған қаржыларды Түркияға жеткізуге түркі-мұсылмандық студент жастарының елеулі ықпал жасағанын М.Шоқай естелігінің мазмұны аңғарта түседі. Бұл іс-шараның М. Шоқай өзі айтып көрсеткендей «Ресейді реакция жайлаған, жоғары оқу орындары, әсіресе, университеттер тікелей полицияның бақылауына алынған» тұста жүзеге асырылуы (Шоқай:1998,367) түркі-мұсылмандық студент жастар арасында түрік бірлігі идеясының кең қанат жайғанын байқатады. М. Шоқай өз естелігінде: «Көне досым Мирякуб бек «Кавказ мәселелері» хақындағы кітабының бір жерінде сөз арасында 1912 жылғы Балқан соғысына орай әзери (әзірбайжан) студенттер арасында жүз берген толқулар туралы айтады. Ол кездердің көріністері сол тұста орыс жоғары оқу орындарында жүрген түрік жастарының жадында. Қашанда төңкерісшілдігімен мәлім ондағы жастар тек өз өмірін білумен шектеліп қалмайды. Халықаралық жағдайды да жете ұғынып шығады» - деп жазып, түркі-мұсылмандық студент жастар қозғалысы түрікшіл қайраткерлердің жаңа буынын қалыптастыруға елеулі ықпал жасағанын меңзейді. М.Шоқай мұраларындағы мәліметтер түркі-мұсылмандық студент жастар қозғалысының Балқан соғысынан кейін де қарқын ала түскенін аңғаруға мүмкіндік береді. Бұл ретте 1913 жылы Киевтегі жоғары оқу орындарында білім алып жатқан түркі халықтарының өкілдері Ресейдегі мұсылман студенттерінің мәжілісін өткізу жөнінде ұйғарым жасағанын ерекше атап өтуге болады (ӨРОМА. И-461-қ.,1-т., 1026-іс, 1-п). Ресейдегі мұсылман студенттерінің мәжілісін өткізу жайлы М.Шоқай оқып жатқан Санкт-Петербург университетіне және өзге де қалалардағы жоғары оқу орындарына жетісімен оған өкілдер сайлау мәселесі қолға алынды. Мәселен, 1913 жылы 4 сәуірде Қазан университетінің бір топ студенттері –

Б.Мәмбетов, Ф.Туктаров, И.Ақымбетов, Эфенди Заде Мамет және С.Ямбулатов бас қосып, Киевте өтетін мәжіліске А.Иманбаевты жіберу жөнінде ұйғарым жасады (ӨРОМА: И-461-қ.,1-т., 1072-іс.) Бұл мәжілістің күн тәртібіне Ресейдегі мұсылман халықтарының мүддесін қорғау жолдары қарастыру қойылды. Мәжілісті ұйымдастыру бюросына Киев университетінің медицина факультетінің студенті, әзірбайжан халқының өкілі Мажитбек Әлиев жетекшілік жасап, мәжіліске елдегі жоғары оқу орындарынан көптеп өкілдер тарту бағытындағы іс-шараларды қолға алды. Бірақ та Ресейдегі мұсылман студенттердің мәжілісін өткізуге қызу әзірлік жұмыстары жүргізіліп жатқандығы жайлы мәлімет сол тұста Полиция департаментіне тыңшылар арқылы жетіп, мәжілісті ұйымдастырушылар тұтқынға алынды. Тұтқындалған студенттер қатарында М.Әлиевтен басқа, Новоросийск университетінің студенті Х.Чапчакчи және Москва университетінің студенті А.Халиев болды. Ресей империясында өрбіген азаттық қозғалыста түркі-мұсылман халықтарының арасында бірліктің арта түсуіне және оған студент жастардың тартылуына патша өкіметі тосқауыл қоюдың түрлі жолдарын қарастырды. М.Шоқай және оның бір топ әріптестерінің Петроградта татар тілінде шығып тұрған «Сюз» (Сөз) газетінде 1916 жылы 9 наурыздағы санында «Сират-ул-мустақим» және Петроградтағы оқушы жастар» деген атпен жариялаған мәлімдемесінің мазмұнына қарағанда, патша өкіметі сол тұста түркі-мұсылмандық саяси күштердің арасына іріткі салу жолын таңдап алған. Ішкі істер министрлігі түркі-мұсылман халықтары арасына орыс қоғамы ішіндегідей қаражүздіктер партиясын құруды көздеген мақсатқа жеткізеді деп санаған. Мұндай партия құруды Ішкі істер министрлігі Петербург қаласының имамы М.С. Баязитовты жүзеге асыра алады деп есептеп, оны өз жағына тартқан. 1914 жылы наурызда Ішкі істер министрлігінің араласуымен түркі-мұсылмандық саяси күштердің арасына іріткі салып, олардың патша өкіметінің саясатына бірлесе қарсылық көрсетуін әлсірете түсетін қаражүздік партиясы бой көтерді. «Сират-ул-мустақим» (Дұрыс жол) деп аталған бұл партияға М.С. Баязитов жетекшілік етті. Оның партиядағы сенімді серіктері қатарында кәсіпкер Ф.Байрашев пен отставкадағы генерал-майор А.Шейх-Али болды. Үкіметтің нұсқауымен құрылған бұл партияның мүшелерінің саны бастапқыда 12 адам ғана еді. Кейіннен партия мүшелерінің саны біртіндеп арта түсті. Ішкі істер министрлігі «Сират-ул-мустақим» партиясының түркі-мұсылман халықтары арасындағы беделін арттыра түсу мақсатында партия жетекшісі М.С. Баязитовты Орынбор мұсылман діни басқармасының мүфтиі етіп те тағайындады. «Сират-ул-мустақим» партиясының құрылуын Петроградтағы түркі-мұсылмандық студент жастар ұлттық мүддені бірлесе қорғауда кедергі келтіреді деп санап, оған мүше болып енгендерді айыптаған акциялар өткізуді ұйымдастырды. Петроград қаласындағы түркі-мұсылмандық студент жастарды мұндай акцияға тартуда М.Шоқай белсенділік танытты. Оның жетекшілігімен Петроградтағы жоғары оқу орындарында оқитын Х.Еникеев, С.Рахмақұлов, Ф.Құлахметов, И.Мақсұдов, А.Абызов, Мұхаммед Эфенди-Заде, М.Якупова, З.Вахидова, С.Ақчурина, А.Маметқазин, Г.Шараф секілді т.б. студенттер, барлығы 31 студент қол қойған мәлімдеме әзірленді. Түркі-мұсылман халықтарының зиялы қауым өкілдеріне арналған бұл мәлімдеме үнпарақтар түрінде таратылды және «Сюз» газетінде жарияланды. Ол мәлімдемеде: «Соңғы уақытта ұлттық басылымдарда М.С. Баязитов пен Ф.Байрашевтің сыбайластары Петроградта «Ислам вә мағариф» (Ислам және ағартушылық) атты газет шығаруды қолға алғаны жайында мәліметтер тарауда. Байрашев пен оның әріптестері осыдан екі жыл бұрын «Сират-ул-мустақим» партиясын құру арқылы өздерінің бетпердесін ашып көрсеткен-ді. Енді олардың шығарып жатқан газеті ұлттық мүддемізге қайшы қызмет ететініне күмәніміз жоқ. Мерзімді басылымдарда интеллигенция арасында «Сират-ул-мустақим» партиясына қолдау көрсетушілердің шығып жатқаны туралы ақпарат тарауда. Біз, интеллигенция арасында «Сират-ул-мустақим» партиясына қолдау танытушылардың болмауын қалаймыз. Егер де интеллигенция арасында кімде-кім «Сиратул-мустақим» партиясына

материалдық немесе моральдық көмек көрсететін болса, ондайлармен біз барлық қатынасымызды үземіз және оларға байкот жариялаймыз» – делінді. Осы мәлімдеме мазмұнының өзі ХХ ғасыр басындағы түркі-мұсылмандық студент жастардың саяси өмірге қызу атсалысқанын айғақтайды. Сонымен қатар түркі-мұсылман халықтарының саяси күштерін ыдырамай, жікке бөлінбей Мемлекеттік думадағы мұсылман фракциясы төңірегіне бақылауына алынған» тұста жүзеге асырылуы (Шоқай:1998,367) түркі-мұсылмандық студент жастар арасында түрік бірлігі идеясының кең қанат жайғанын байқатады.

М. Шоқай өз естелігінде: «Көне досым Мирякуб бек «Кавказ мәселелері» хақындағы кітабының бір жерінде сөз арасында 1912 жылғы Балқан соғысына орай эзери (әзірбайжан) студенттер арасында жүз берген толқулар туралы айтады. Ол кездердің көріністері сол тұста орыс жоғары оқу орындарында жүрген түрік жастарының жадында. Қашанда төңкерісшілдігімен мәлім ондағы жастар тек өз өмірін білумен шектеліп қалмайды. Халықаралық жағдайды да жете ұғынып шығады» - деп жазып, түркі-мұсылмандық студент жастар қозғалысы түрікшіл қайраткерлердің жаңа буынын қалыптастыруға елеулі ықпал жасағанын меңзейді. М.Шоқай мұраларындағы мәліметтер түркі-мұсылмандық студент жастар қозғалысының Балқан соғысынан кейін де қарқын ала түскенін аңғаруға мүмкіндік береді. Бұл ретте 1913 жылы Киевтегі жоғары оқу орындарында білім алып жатқан түркі халықтарының өкілдері Ресейдегі мұсылман студенттерінің мәжілісін өткізу жөнінде ұйғарым жасағанын ерекше атап өтуге болады (ӨРОМА. И-461-қ.,1-т., 1026-іс, 1-п).

Ресейдегі мұсылман студенттерінің мәжілісін өткізу жайлы М.Шоқай оқып жатқан Санкт-Петербург университетіне және өзге де қалалардағы жоғары оқу орындарына жетісімен оған өкілдер сайлау мәселесі қолға алынды. Мәселен, 1913 жылы 4 сәуірде Қазан университетінің бір топ студенттері – Б.Мәмбетов, Ф.Туктаров, И.Ақымбетов, Эфенди Заде Мамет және С.Ямбулатов бас қосып, Киевте өтетін мәжіліске А.Иманбаевты жіберу жөнінде ұйғарым жасады (ӨРОМА: И-461-қ.,1-т., 1072-іс.)

Бұл мәжілістің күн тәртібіне Ресейдегі мұсылман халықтарының мүддесін қорғау жолдары қарастыру қойылды. Мәжілісті ұйымдастыру бюросына Киев университетінің медицина факультетінің студенті, әзірбайжан халқының өкілі Мажитбек Әлиев жетекшілік жасап, мәжіліске елдегі жоғары оқу орындарынан көптеп өкілдер тарту бағытындағы іс-шараларды қолға алды.

Бірақ та Ресейдегі мұсылман студенттердің мәжілісін өткізуге қызу әзірлік жұмыстары жүргізіліп жатқандығы жайлы мәлімет сол тұста Полиция департаментіне тыңшылар арқылы жетіп, мәжілісті ұйымдастырушылар тұтқынға алынды. Тұтқындалған студенттер қатарында М.Әлиевтен басқа, Новоросийск университетінің студенті Х.Чапчакчи және Москва университетінің студенті А.Халиев болды.

Ресей империясында өрбіген азаттық қозғалыста түркі-мұсылман халықтарының арасында бірліктің арта түсуіне және оған студент жастардың тартылуына патша өкіметі тосқауыл қоюдың түрлі жолдарын қарастырды. М.Шоқай және оның бір топ әріптестерінің Петроградта татар тілінде шығып тұрған «Сюз» (Сөз) газетінде 1916 жылы 9 наурыздағы санында «Сират-ул-мустақим» және Петроградтағы оқушы жастар» деген атпен жариялаған мәлімдемесінің мазмұнына қарағанда, патша өкіметі сол тұста түркі-мұсылмандық саяси күштердің арасына іріткі салу жолын таңдап алған. Ішкі істер министрлігі түркі-мұсылман халықтары арасына орыс қоғамы ішіндегідей қаражүздіктер партиясын құруды көздеген мақсатқа жеткізеді деп санаған. Мұндай партия құруды Ішкі істер министрлігі Петербург қаласының имамы М.С. Баязитовты жүзеге асыра алады деп есептеп, оны өз жағына тартқан.

1914 жылы наурызда Ішкі істер министрлігінің араласуымен түркі-мұсылмандық саяси күштердің арасына іріткі салып, олардың патша өкіметінің саясатына бірлесе қарсылық

көрсетуін әлсірете түсетін қаражүздік партиясы бой көтерді. «Сират-ул-мустақим» (Дұрыс жол) деп аталған бұл партияға М.С. Баязитов жетекшілік етті. Оның партиядағы сенімді серіктері қатарында кәсіпкер Ф.Байрашев пен отставкадағы генерал-майор А.Шейх-Али болды. Үкіметтің нұсқауымен құрылған бұл партияның мүшелерінің саны бастапқыда 12 адам ғана еді. Кейіннен партия мүшелерінің саны біртіндеп арта түсті. Ішкі істер министрлігі «Сират-ул-мустақим» партиясының түркі-мұсылман халықтары арасындағы беделін арттыра түсу мақсатында партия жетекшісі М.С. Баязитовты Орынбор мұсылман діни басқармасының мүфтиі етіп тағайындады.

«Сират-ул-мустақим» партиясының құрылуын Петроградтағы түркі-мұсылмандық студент жастар ұлттық мүддені бірлесе қорғауда кедергі келтіреді деп санап, оған мүше болып енгендерді айыптаған акциялар өткізуді ұйымдастырды. Петроград қаласындағы түркі-мұсылмандық студент жастарды мұндай акцияға тартуда М.Шоқай белсенділік танытты. Оның жетекшілігімен Петроградтағы жоғары оқу орындарында оқитын Х.Еникеев, С.Рахмақұлов, Ф.Құлахметов, И.Мақсұдов, А.Абызов, Мұхаммед Эфенди-Заде, М.Якупова, З.Вахидова, С.Акчурина, А.Маметқазин, Г.Шараф секілді т.б. студенттер, барлығы 31 студент қол қойған мәлімдеме әзірленді. Түркі-мұсылман халықтарының зиялы қауым өкілдеріне арналған бұл мәлімдеме үнпарақтар түрінде таратылды және «Сюз» газетінде жарияланды. Ол мәлімдемеде: «Соңғы уақытта ұлттық басылымдарда М.С. Баязитов пен Ф.Байрашевтің сыбайластары Петроградта «Ислам вә мағариф» (Ислам және ағартушылық) атты газет шығаруды қолға алғаны жайында мәліметтер тарауда. Байрашев пен оның әріптестері осыдан екі жыл бұрын «Сират-ул-мустақим» партиясын құру арқылы өздерінің бетпердесін ашып көрсеткен-ді. Енді олардың шығарып жатқан газеті ұлттық мүддемізге қайшы қызмет ететініне күмәніміз жоқ. Мерзімді басылымдарда интеллигенция арасында «Сират-ул-мустақим» партиясына қолдау көрсетушілердің шығып жатқаны туралы ақпарат тарауда. Біз, интеллигенция арасында «Сират-ул-мустақим» партиясына қолдау танытушылардың болмауын қалаймыз. Егер де интеллигенция арасында кімде-кім «Сиратул-мустақим» партиясына материалдық немесе моральдық көмек көрсететін болса, ондайлармен біз барлық қатынасымызды үземіз және оларға байкот жариялаймыз» – делінді.

Осы мәлімдеме мазмұнының өзі ХХ ғасыр басындағы түркі-мұсылмандық студент жастардың саяси өмірге қызу атсалысқанын айғақтайды. Сонымен қатар түркі-мұсылман халықтарының саяси күштерін ыдырамай, жікке бөлінбей Мемлекеттік думадағы мұсылман фракциясы төңірегіне

Түркі-мұсылмандық студент жастардың мәлімдемесінен соң «Сират-ул-мустақим» партиясы халыққа ықпал ететіндей саяси күшке айнала қоймады. Елдегі түркі-мұсылман халықтарының мүддесін қорғайтын негізгі ұйым ретінде IV Мемлекеттік думадағы Мұсылман фракциясы танылды. Өз кезегінде Мұсылман фракциясы нәтижелі жұмыс атқару мақсатында өз жанынан бюро құрды. Бұл бюроның жұмысына Ә.Бөкейхан, С.Мақсуди, А.Цаликов, С.Жантөрин, Ш.Мұхамедияров секілді қайраткерлер тартылды. Сондай-ақ түркі-мұсылмандық студент жастар да Мұсылман фракциясы жанындағы бюро ұйымдастырған іс-шаралардан тыс қалмады. Кейінен осы бюроның мүшелері қатарына М.Шоқайдың өзі де енген болатын.

### **Қорытынды**

Жалпы қорыта келгенде ХХ ғасыр басындағы Ресейдегі мұсылман жұртшылығының өміріндегі жаңа өзгерістер буржуазиялық қатынастардың дамуымен байланысты екендігі анық. Жәдидтік қозғалыста ұлттық сипат белең алғанымен ХХ ғасыр басында онда екі идеялық-саяси ағым бой көрсетті. Олар: консерваторлық (дәстүршілдер) және либерал-реформаторлық ағымдар. Мұсылмандық либерализм қоғамдық-саяси қозғалыс ретінде ХХ ғасыр басында бой



көрсетті және оның қарқын алуы барысында «Ресей мұсылмандары одағы» секілді ұйымдар пайда болып, Мемлекеттік Думадағы мұсылман халықтары өкілдерінің парламенттік фракциясы құрылып мұсылмандардың мүддесін қорғауға белсене атсалысты. Қазақтар осы қозғалыс аясында демократиялық күрес арнасына тартыла түсті. Сонымен қатар, бұл қозғалысқа қатысқан қайраткерлер заман ағымына ілесе отырып, ұлттық бостандыққа жету жолындағы күреске жұмыла кірісіп, шеткері аймақтардың саяси күштерін бастай алатындығын, ол аймақтардағы халықтардың құқын қорғай білетіндіктерін көрсетуге тырысты. Ресей империясындағы түркі-мұсылман халықтарының азаттық қозғалыстағы өзара ынтымақтастығының ерекше көрінісі, үстем тап өкілдері мен діндарлардың реакциялық сипаттағы іс әрекеті ретінде түсіндірілді. Алаш қайраткерлері мұраларында түркі-мұсылман халықтарының азаттық қозғалыстағы өзара ынтымақтастығының ерекше көрінісі студент жастар арасында да орын алған болатын. Түркі халықтарының тарихындағы осы бір үдерістің астарын терең аңғарып, дұрыс бағамдауға М. Шоқай мұраларының өзіндік елеулі ықпалын тигізері сөзсіз. Патшалық Ресейдің үстемдігі жағдайында отарлық езгінің тауқыметін тартқан түркі-мұсылман халықтарының әлеуметтік-саяси үдерістегі байланыстарын шынайы бағамдауда М. Шоқай мұралары маңызды дерек көзі қызметін атқаратындығына жоғарыда келтірілген мәліметтер негізінде көз жеткізе аламыз. Алдағы уақытта түркі халықтарының жаңа заман дәуіріне арналған оқу құралдарын әзірлеу барысында осы мәліметтерді назардан тыс қалдырмаған жөн.

### ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- Абдуллаев Р.М. Интеграционные процессы в мусульманском мире и туркестанские джадиды // Жадидчилик: ислохот, янгланиш, мустакиллик ва тарақиёт учун кураш. – Тошкент: «Университет», 1999. – 218 б.
- Аманжолова Д.А. Алаш: исторический смысл демократического выбора. – Алматы: «Таймас», 2013.
- Бигиев М. Ислахат әсаглари. – Петроград, «Максудов матбугеси», 1915. – 298 б.
- Бөкейхан Ә. Таңдамалы (избранное). – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 1995. – 478 б.
- Валиди З. Воспоминания. Борьба народов Туркестана и других восточных мусульман-тюрок за национальные бытие и сохранение культуры. – Т. 1. – Уфа: «Китап», 1994. – 410 с.
- Валидов Дж. Очерки истории образованности и литературы татар (до революции 1917 г.) – М.-Л.: «Госиздат», 1923. – 215 с.
- Дулатұлы М. Алты томдық шығармалар жинағы. – Т.2. – Алматы: «Мектеп», 2013. – 390 б.
- Залевский К. Национальные движения // Общественные движения в России в начале XX века. – Т.4. – СПб.: «Общественная польза», 1911. – 326 с.
- Карими Ф. Истамбул мактублари. – Оренбург: «Вақыт», 1913. – 276 б.
- Кемеңгерұлы Қ. Бұрынғы езілген ұлттар. – М.: КССО халықтарының кіндік баспасы, 1924. – 72 б.
- Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы: «Санат», 1995. – 368 б.
- Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: «Ататек», 1995. – 265 б.
- Сейдалиев Ж. Бір қазақтың пікірі // Үлфәт. – 1906. – 23 март.
- Сералин М. Мақалалары, публицистикалық шығармалары, поэмалары. – Астана: Аударма, 2002. – 344 б.
- Тынышпаев М. История казахского народа. – Алматы: «Санат», 2009. – 288 с.
- Туктаров Ф. Беренче, икинче вә өченче Думадеги мөселман депутатлар һәм аларның қилган эшларе. – Казан: «Матбуге Кариме», 1912. – 240 с.
- Шоқай М. Таңдамалы. – Т.1. – Алматы: Қайнар, – 1998. – 512 б.
- Өзбекстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві (ӨРОМА). И-461-к., 1-т., 1026-іс, 222-п.
- Өзбекстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві (ӨРОМА). ӨРОМА. И-461-к., 1-т., 1072-іс, 193-п.
- Ресей Федерациясының Мемлекеттік архиві (РФМА). 102-к., 241-т., 53-іс, 268-п.
- Ресей Федерациясының Мемлекеттік архиві (РФМА). 102-к., 245-т., 174-іс, 256-п.

## REFERENCES

- Abdullaev R.M. Integracionnye processy v musul'manskom mire i turkestanskije dzhadidy [Integration processes in the Muslim world and the Turkestan Jadids] // Zhadidchilik: islohot, yanglanish, mustaqilliq va taraqiyot uchun kurash. [Zhadidism: the struggle for reform, renewal, independence and progress] – Toshkent: «Universitet», 1999. – 218 b. [In Russian].
- Amanzholova D.A. Alash: istoricheskij smysl demokraticeskogo vybora [Alash: the historical meaning of the democratic choice. Alash: the historical meaning of the democratic choice]. – Almaty: «Taimas», 2013. – 400 s. [In Russian].
- Bigiev M. Islahat asaslari [Fundamentals of the reform] – Petrograd, «Maksudov matbugesi», 1915. – 298 b. [In Russian].
- Bukeihan Ə. Tandamaly [Favorites] – Almaty: «Qazaq enciklopediyasy», 1995. – 478 b. [in Kazakh].
- Validi Z. Vospominaniya. Bor'ba narodov Turkestana i drugih vostochnyh musul'man-tyurkov za nacional'nye bytie i sohranenie kul'tury [Memories. The struggle of the peoples of Turkestan and other Eastern Muslim Turks for national existence and preservation of culture] – T. 1. – Ufa: «Kitap», 1994. – 410 s. [In Russian].
- Validov Dzh. Ocherki istorii obrazovannosti i literatury tatar (do revolyucii 1917 g.) [Essays on the history of education and literature of the Tatars (before the Revolution of 1917)]. – M.-L.: «Gosizdat», 1923. – 215 s. [In Russian].
- Dulatuly M. Alty tomdyq shygarmalar zhinagy [Selected work in six volumes] – T.2. – Almaty: «Mektep», 2013. – 390 b. [in Kazakh].
- Zalevskii K. Nacional'nye dvizheniya [National movements] // Obshchestvennye dvizheniya v Rossii v nachale XX veka. [Social movements in Russia at the beginning of the XX century]. – T.4. – SPb.: «Obshchestvennaya pol'za», 1911. – 326 s. [In Russian].
- Karimi F. Istanbul maktublari [A letter from Istanbul] – Orenburg: «Vakyt», 1913. – 276 b. [in Tatar].
- Kemengeruly Q. Buryngy ezilgen ulttar [Oppressed peoples in the past]. – M.: KSSO qalyqtarynyn kindik baspasy, 1924. – 72 b. [in Kazakh].
- Qojgeldiev M. Alash qozgalysy [The Alash movement] – Almaty: «Sanat», 1995. – 368 b. [in Kazakh].
- Nurpeisov K. Alash ham Alashorda [Alash and Alashorda]. – Almaty: Atatek, 1995. – 265 b. [in Kazakh].
- Seidalin Zh. Bir qazaktyn pikiri [Thoughts of one Kazakh] // Ylfat. – 1906. – 23 mart. [in Kazakh].
- Seralin M. Maqalalary, publicistiqkalyq shygarmalary, poemalary [Articles, publications, translations, poems] – Astana: Audarma, 2002. – 344 b. [in Kazakh].
- Tynyshpaev M. Istoriya kazahskogo naroda [History of the Kazakh people]. – Almaty: «Sanat», 2009. – 288 s. [In Russian].
- Tuktarov F. Berenche, ikinche va uchenche Dumadegi moselman deputatlar ham alarnyn kilgan eshlare. [Muslim deputies of the first, Second and Third Duma]. – Kazan: «Matbuge Karime», 1912. – 240 s. [in Tatar].
- Shoqai M. Tandamaly. [Favorites]. – T.1. – Almaty: Qainar, – 1998. – 512 b. [in Kazakh].
- Uzbekistan Respublikasynyń memlekettik arhivi (OROMA). [Central State Archive of the Republic of Uzbekistan]. I-461-q., 1-t., 1026-is, 222-p.
- Uzbekistan Respublikasynyń memlekettik arhivi (OROMA). [Central State Archive of the Republic of Uzbekistan]. I-461-q., 1-t., 1072-is, 193-p.
- Resei Federatsiiasynyń memlekettik arhivi (RFMA). [State Archive of the Russian Federation]. 102-q., 241-t., 53-is, 268-p.
- Resei Federatsiiasynyń memlekettik arhivi (RFMA). [State Archive of the Russian Federation]. 102-q., 245-t., 174-is, 256-p.

## МАЗМҰНЫ

<b>Абикова Г.М., Бегімова М.Қ.</b> ОРТАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНАНЫҢ СИРЕК КІТАПТАРЫ МЕН ҚОЛЖАЗБАЛАР .....	5
<b>Ақымбек Е.Ш., Шағырбаев М.С.</b> ОРТАҒАСЫРЛЫҚ АСПАРА ҚАЛАСЫНЫҢ ОСТЕОЛОГИЯЛЫҚ МАТЕРИАЛДАРЫ .....	18
<b>Асанова Г.К.</b> А.И. ЛЕВШИННИҢ ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫ ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІ ТАРИХЫНЫҢ БІРІНШІ ДӘРЕЖЕЛІ ДЕРЕК КӨЗІ РЕТІНДЕ.....	36
<b>Асанова Г.К.</b> ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІНІҢ ГЕНЕЗИСІ МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢПАЙДА БОЛУЫНЫҢ ШЫҒЫС (ЕУРОПАЛЫҚ ЕМЕС) ЖОЛЫНЫҢ ЖАЛПЫ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ КОНТЕКСТІНДЕ.....	52
<b>Бисембаева Л.А., Әлімбаев Ұ.М.</b> ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОРЫС ОҚУ ОРЫНДАРЫ, ОЛАРДЫҢ ЖЕРГІЛІКТІ ХАЛЫҚҚА ӘСЕРІ (XIX ғ. II жарт. -XX ғ. басы).....	65
<b>Борбасов С.М.</b> «АЛАШ» ПАРТИЯСЫ СЕРЕКЕЛЕРІНІҢ РУХАНИ МҰРАСЫ ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІ ҚАЛЫПТАСУЫ ИДЕЯСЫ КОНТЕКСТІНДЕ.....	78
<b>Жаңабаев Қ., Түргенбаева А.Ш., Шотанова Г.А.</b> ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ШЕТЕЛ ДЕРЕККӨЗДЕРІНДЕГІ ЖЫРДЫҢ «ФОРМУЛЬДІК СТИЛЬ» МЕН ТІЛ.....	100
<b>Исова Л., Қайпжан Ж., Туманшиев Д., Тұран Н.</b> ЛАТВИЯ: ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТРАНЗИТ ТӨНДРЕГІНДЕГІ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	115
<b>Кәрімов М.Қ., Ибраимова М.С., Даутова А.Ф., Құдайбергенұлы Б.</b> ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ НАРЫҚ ҚАТЫНАСТАРЫНА БЕЙІМДЕЛУІ (XIX ғ. – XX ғ. басы).....	129
<b>Нұрбай Қ.Ж.</b> XX ғ. БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК-КОНФЕССИЯЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР: ТАРИХНАМАЛЫҚ МӘСЕЛЕ.....	145
<b>Оразбаева Ф.Ш.</b> ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ ТАРИХЫ.....	159
<b>Рүстемов С.К., Оразов Р.Е.</b> XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ МҰСЫЛМАНДЫҚ ЛИБЕРАЛИЗМ ЖӘНЕ АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ.....	177
<b>Сәтенова М.Р.</b> ЦИН ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТЫ ЖӘНЕ ОСЫ ТҮРҒЫДА РЕСЕЙМЕН ТЕКЕТІРЕСІ.....	191
<b>Сманова А.М., Чаргынова Г.О.</b> ШЫҒЫС ТҮРКІСТАНДАҒЫ ЖЕТШАҒАР МЕМЛЕКЕТІНІҢ КҮЙРЕУІНЕ ҚАТЫСТЫ KEЙБІР МӘСЕЛЕЛЕР.....	205
<b>Турмахан Н.</b> ЕРТЕ САРМАТ МӘДЕНИЕТІНІҢ ПАЙДА БОЛУ МӘСЕЛЕСІ ЗЕРТТЕЛУІ ЖАЙЫНДА (тарихнамалық шолу).....	216
<b>Уалтаева А.С., Досымқары С.М.</b> КЕДЕН САЛАСЫНДАҒЫ РЕСЕЙ-ҚАЗАҚСТАН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛЫНЫҢ НЕГІЗГІ АСПЕКТІЛЕРІ.....	226
<b>Удербасова С.К.</b> ЖЕТІСУ ЖӘНЕ СЫРДАРИЯ ОБЛЫСТАРЫНДАҒЫ БОЛЫСТАРДЫҢ ҚҰРЫЛУ, ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ОРНАЛАСУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ (XIX-XX ғғ. БАСЫ).....	236
<b>Якубов И.Х., Нуридин У.</b> АМЕРИКАНДЫҚ ӘСКЕРЛЕРДІҢ АУҒАНСТАННАН ШЫҒАРЫЛУЫНЫҢ САЛДАРЫ. ӨЗБЕКСТАНДЫҚ КӨЗҚАРАС ТҮРҒЫСЫНАН.....	249

## СОДЕРЖАНИЕ

<b>Абикова Г.М., Бегимова М.К.</b> РЕДКИЕ КНИГИ И РУКОПИСИ ЦЕНТРАЛЬНОЙ НАУЧНОЙ БИБЛИОТЕКИ.....	5
<b>Акымбек Е.Ш., Шағырбаев М.С.</b> ОСТЕОЛОГИЧЕСКИЕ МАТЕРИАЛЫ СРЕДНЕВЕКОВОГО ГОРОДИЩА АСПАРА (по материалам раскопок 2014 г.).....	18
<b>Асанова Г.К.</b> НАУЧНОЕ НАСЛЕДИЕ А.И. ЛЕВШИНА КАК ПЕРВОКЛАССНЫЙ ИСТОЧНИК ПО ИСТОРИИ КАЗАХСКОЙ ГОСУДАРСТВЕННОСТИ.....	36
<b>Асанова Г.К.</b> ГЕНЕЗИС КАЗАХСКОЙ ГОСУДАРСТВЕННОСТИ В КОНТЕКСТЕ ОБЩЕЙ КОНЦЕПЦИИ ВОСТОЧНОГО ПУТИ ВОЗНИКНОВЕНИЯ ГОСУДАРСТВ.....	52
<b>Бисембаева Л.А., Алимбай У.М.</b> РУССКИЕ УЧЕБНЫЕ ЗАВЕДЕНИЯ В КАЗАХСТАНЕ И ИХ ВЛИЯНИЕ НА МЕСТНОЕ НАСЕЛЕНИЕ (вторая половина XIX века - начало XX века).....	65
<b>Борбасов С.М.</b> ДУХОВНОЕ НАСЛЕДИЕ ЛИДЕРОВ ПАРТИИ «АЛАШ» В КОНТЕКСТЕ ФОРМИРОВАНИЯ ИДЕИ КАЗАХСКОЙ ГОСУДАРСТВЕННОСТИ.....	78
<b>Жанабаев К., Тургенбаева А.Ш., Шотанова Г.А.</b> «ФОРМУЛЬНЫЙ СТИЛЬ» И ЯЗЫК ЭПОСА В КАЗАХСКИХ И ЗАРУБЕЖНЫХ ИСТОЧНИКАХ.....	100
<b>Исова Л., Қайпжан Ж., Туманшиев Д., Туран Н.</b> ЛАТВИЯ: ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТРАНЗИТ ТӨҢІРЕГІНДЕГІ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	115
<b>Каримов М.К., Ибраимова М.С., Даутова А.Ф., Құдайбергелулы Б.</b> ОСОБЕННОСТИ ТРАДИЦИОННОГО КАЗАХСКОГО ХОЗЯЙСТВА И ЕЕ АДАПТАЦИЯ К РЫНОЧНЫМ ОТНОШЕНИЯМ (XIX в. – НАЧАЛО XX в.).....	129
<b>Нурбай К.Ж.</b> ГОСУДАРСТВЕННО-КОНФЕССИОНАЛЬНЫЕ ОТНОШЕНИЯ В КАЗАХСТАНЕ В НАЧАЛЕ XX в.: ИСТОРИОГРАФИЧЕСКАЯ ПРОБЛЕМА.....	145
<b>Оразбаева Ф.Ш.</b> ИСТОРИЯ МЕТОДИКИ ПРЕПОДАВАНИЯ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА.....	159
<b>Рустемов С.К., Оразов Р.Е.</b> МУСУЛЬМАНСКИЙ ЛИБЕРАЛИЗМ НАЧАЛА XX ВЕКА И ДВИЖЕНИЕ «АЛАШ».....	177
<b>Сатенова М.Р.</b> ПОЛИТИКА ЦИНСКОЙ ИМПЕРИИ В КАЗАХСКОЙ СТЕПИ И ПРОТИВОБОРСТВО В ДАННОМ ВОПРОСЕ С РОССИЕЙ.....	191
<b>Сманова А.М., Чаргынова Г.О.</b> НЕКОТОРЫЕ ПРОБЛЕМЫ, ОТНОСЯЩИЕСЯ К РАСПАДУ ГОСУДАРСТВА ЙЕТТИШАР В ВОСТОЧНОМ ТУРКЕСТАНЕ.....	205
<b>Турмахан Н.</b> К ИЗУЧЕНИЮ ПРОБЛЕМЫ ПРОИСХОЖДЕНИЯ РАННЕСАРМАТСКОЙ КУЛЬТУРЫ (предварительный историографический обзор).....	216
<b>Уалгаева А.С., Досымкары С.М.</b> ОСНОВНЫЕ АСПЕКТЫ РОССИЙСКО – КАЗАХСТАНСКОГО ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ В ТАМОЖЕННОЙ СФЕРЕ.....	226
<b>Удербасова С.К.</b> ОСОБЕННОСТИ СОЗДАНИЯ, ГЕОГРАФИЧЕСКОГО РАСПОЛОЖЕНИЯ ВОЛОСТЕЙ В СЕМИРЕЧЕНСКОЙ И СЫРДАРЬИНСКОЙ ОБЛАСТЯХ.....	236
<b>Якубов И.Х., Нуридинов У.</b> ПОСЛЕДСТВИЯ ВЫВОДА АМЕРИКАНСКИХ ВОЙСК ИЗ АФГАНИСТАНА. ВЗГЛЯД ИЗ УЗБЕКИСТАНА.....	249



## CONTENTS

<b>Abikova G.M., Begimova M.K.</b> RARE BOOKS AND MANUSCRIPTS OF THE CENTRAL SCIENTIFIC LIBRARY .....	5
<b>Akymbek E.Sh., Shagirbaev M.S.</b> OSTEOLOGICAL DATA FROM THE MEDIEVAL SITE OF ASPARA (based on 2014 season excavation materials)..	18
<b>Assanova G.K.</b> HERITAGE OF A.I. LEVSHIN AS A FIRST-CLASS SOURCE ON THE HISTORY OF KAZAKH STATEHOOD.....	36
<b>Assanova G.K.</b> THE GENESIS OF THE KAZAKH STATEHOOD IN THE CONTEXT OF THE GENERAL CONCEPT OF THE EASTERN (NON-EUROPEAN) WAY OF THE EMERGENCE OF STATES.....	52
<b>Bissembayeva L.A., Alimbai U.M.</b> RUSSIAN EDUCATIONAL INSTITUTIONS IN KAZAKHSTAN AND THEIR IMPACT ON THE LOCAL POPULATION (the second half of 19th century and the beginning of the 20 century) .....	65
<b>Borbassov S.M.</b> THE SPIRITUAL HERITAGE OF THE «ALASH» PARTY LEADERS IN THE CONTEXT OF KAZAKH STATEHOOD FORMATION.....	78
<b>Zhanabaev K., Turgenbaeva A.Sh., Shotanova G.A.</b> «FORMULA STYLE» AND THE LANGUAGE OF THE EPIC IN KAZAKH AND FOREIGN SOURCES.....	100
<b>Issova L., Kaipzhan Zh., Tumanshiyev D., Turan N.</b> KAZAKHSTAN-LATVIA: ISSUES OF COOPERATION IN THE FIELD OF INTERNATIONAL TRANSIT.....	115
<b>Karimov M., Ibrayemova M., Dautova A., Kudaibergenuly B.</b> SOME FEATURES OF THE TRADITIONAL KAZAKH ECONOMY AND ITS ADAPTATION TO MARKET RELATIONS (XIX -EARLY XX CENTURIES).....	129
<b>Nurbay K.Zh.</b> STATE-CONFESSIONAL RELATIONS IN KAZAKHSTAN AT THE BEGINNING OF THE XX c.: HISTORIOGRAPHIC PROBLEM.....	145
<b>Orazbaeva F.Sh.</b> HISTORY OF THE KAZAKH LANGUAGE TEACHING METHODOLOGY.....	159
<b>Rustemov S.K., Orazov R.E.</b> MUSLIM LIBERALISM OF THE EARLY TWENTIETH CENTURY AND THE ALASH MOVEMENT.....	177
<b>Satenova M.R.</b> POLICY OF THE QING EMPIRE IN THE KAZAKH STEPPE AND THE STRUGGLE WITH RUSSIA IN THIS MATTER.....	191
<b>Smanova A. M., Charginova G. O.</b> SOME ISSUES RELATED TO THE COLLAPSE OF YETTISHAR STATE IN EASTERN TURKESTAN.....	205
<b>Turmakhan N.</b> TO THE STUDY OF THE ISSUE OF EARLY SARMATIAN CULTURE ORIGIN (preliminary historiographic review).....	216
<b>Ualtayeva A.S., Dossymkary S.M.</b> MAIN ASPECTS OF RUSSIAN-KAZAKHSTAN INTERACTION IN THE CUSTOMS SPHERE.....	226
<b>Uderbaeva S.K.</b> FEATURES OF CREATION, GEOGRAPHIC LOCATION OF VOLOSTS IN SEMIRECHENSK AND SYRDARYA REGIONS (XIX-EARLY XX CENTURIES).....	236
<b>Yakubov I.Kh., Nuriddinov U.</b> CONSEQUENCES OF THE AMERICAN TROOPS WITHDRAWAL FROM AFGHANISTAN. THE VIEW FROM UZBEKISTAN.....	249

## **EDU.E-HISTORY.KZ**

электрондық ғылыми журналы 2021. 2(26)

Бас редактор:  
*Қабылдинов З.Е.*

*Компьютерде беттеген:*  
Зикирбаева В.С.

Жарияланған күні: 30.06.2021.  
Пішімі 70x100/16. Баспа табағы 26,6.

*Құрылтайшысы және баспагері:*  
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті  
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

*Редакция мен баспаның мекен-жайы:*  
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй  
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты  
ШЖҚ РМК Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Е-mail: [edu.history@bk.ru](mailto:edu.history@bk.ru).  
Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:  
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй